

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Алматы қаласының білім басқармасы

ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Тақырыбы: Ақ және қара түстерінің тілдік көріністері

Сексия: Тіл білімі

Жас ізденушілер: Қабылбек Ерасыл, №122 мектеп, 11 сынып
Жұмақан Сырым, №172 мектеп. 11 сынып

Ғылыми жетекшілер: ҚазМемҚызПУ ассоц.профессоры Жүнісова М. Ә

Ғылыми жұмыстың тақырыбы:

Ақ және қара түстерінің тілдік көріністері

Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері:

Зерттеу жұмысының мақсаты – «ақ» – «қара» тілдік бірліктерінде жалпыланған білімнің когнитивтік сипатын оппозиция негізінде түсіндіру, концептуалдық мазмұнын айқындау, олардың тілдегі қызметін саралау. Бұл мақсат негізінде төмендегідей міндеттер шығады:

- анықталған концептілерді «адам», «қоғам», табиғат», «уақыт» және «кеңістік» макроконцептілеріне топтастыру;
- «ақ» – «қара» тілдік бірліктерінің «адам» концептіне қатысты қолданылу ерекшеліктерін ашып көрсету;
- «ақ» – «қара» концептілерінің соматикалық фразеологизмдер құрамындағы қызметі мен кумулятивтік қызметін айқындау;

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері:

Зерттеу барысында диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттама, семантикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік талдау, жүйелеу, топтастыру әдістері қолданылды.

Жобаның ғылыми жаңалығы:

Зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай мәселелер ғылыми жаңалық ретінде шешімін тапты:

- аталған тілдік бірліктердің макроконцептілері анықталып, оппозициялық концептілер соның негізінде топтастырылды;
- «ақ» – «қара» тілдік бірліктеріндегі «адам» концептінің өзіндік ерекшеліктері семалық талдау арқылы, жекелік, мінез-құлықтық, ақыл-ойлық, тұрақтылық семалары негізінде анықталды;
- зерттеуде «ақ» – «қара» тілдік бірліктерінің когнитивтік семантикасын анықтаудың өзіндік түрлі тәсілдері пайдаланылды.

ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІ

I «АҚ» – «ҚАРА» ТІЛДІК БІРЛІКТЕРІНІҢ ОППОЗИЦИЯСЫ

«Адам» концепті – кез келген мәдениеттегі өзекті концепт. Адам – басқа тірі мақұлықтармен салыстырғанда жоғары тұратын, ойлауға, сөйлеуге, еңбек құралдарын жасауға, оны қолдануға қабілеттілігі бар тіршілік иесі, ақыл-ой (ойлау, түсіну, мойындау) және шығармашылық (өлең жазу) іс-әрекетінің субъектісі. Қазақ тілінің когнитивтік кеңістігінде «адам» концепті сөз тіркестері, фразеологизмдер, антропонимдер, топонимдер сияқты әр түрлі тілдік бірліктер арқылы беріледі. Солардың ішінде «адам» концептін көріністеуде «ақ» – «қара» тілдік бірліктерінің алатын орны зор. «Ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы берілетін «адам» макроконцепті адамның жеке басына, сыртқы келбетіне қатысты оппозициялық микроконцептілерді құрайды.

Сол себепті «ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы берілетін «адам» – «қоғам» концептілерін бірге қарастырамыз.

Зерттеу жұмысында;

- *сұлулық – көріксіздік;*
- *жастық – кәрілік;*
- *ізгілік – зұлымдық;*
- *тазалық, адалдық – арсыздық;*
- *байлық – кедейлік;*
- *әділдік, шындық - әділетсіздік, жалғандық;*
- *қуаныш-бақ – уайым-қайғы;*
- *бейбітшілік, тыныштық – соғыс, берекетсіздік* концептілері қарастырылды.

Аталған жұптық концептілер эстетикалық (*сұлулық – көріксіздік, бейбітшілік, тыныштық – соғыс, берекетсіздік*), физиологиялық (*жастық – кәрілік*), адамгершілік (*ізгілік – зұлымдық; тазалық, адалдық – арсыздық, әділдік, шындық – әділетсіздік, жалғандық*), материалдық (*байлық – кедейлік*), эмоциялық концептілерге (*қуаныш-бақ – уайым-қайғы*) ажыратылды.

Сұлулық ↔ көріксіздік

Сұлулық – көріксіздік оппозициялық концептілері – адамның сыртқы бейнесіне, түр-әлпетіне байланысты қалыптасқан эстетикалық концептілер. «Ақ» лексикалық бірлігі «сұлулық» концептін кескіндеу арқылы «көріксіздік» концептін кескіндейтін «қара» атауымен оппозиция құрайды. Алдымен, «сұлулық» концептінің семантикалық өрісін құрып алайық.

Мысалы: әдемілік; көріктілік; көркемдік; тартымдылық; ажарлылық; сүйкімділік; айдай сұлу; бидай өңді; айдай таза; күндей нұрлы; ай десе – аузы, күн десе – көзі бар; айдай аузы, күндей көзі бар; үріп ауызға салғандай; көргеннің көзі тойғандай; ауызбен айтып жеткізе алмайтын; қаса сұлу; адамнан асқан сұлу; хор қызындай; көз сүріну; жаңа туган ай секілді; қараса көз тоймау; келбетті келген; тілмен (ауызбен) айтып жеткізе алмайтын; алтын асықтай; киіктің асығындай; сағағынан үзілген; қырмызыдай ажарлы; сүмбідей әдемі; ай қабақ, алтын кірпік, жүзіктің көзінен өткендей; ай мен күндей, әмбеге бірдей; аршыған жұмыртқадай; бетінен қаны тамған; кескіні келісті; жаяу жүріп, аттан түсіп қарағандай; ақ дидар; ақша жүз; ақ құба; ақ тамақ; ақ маңдай; ақ білек, т.б.

Жастық ↔ кәрілік

Тілімізде адам жасына қатысты «жастық» – «кәрілік» концептілері «ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы көріністенеді. «Ақ» лексикалық бірлігі кәрілік концептін бейнелейді. Э.В. Севортян «аға» мен «әке» туыстық атауларының негізі *ақ – оқ (қартаю)* етістігінен өрбіген деген пікір айтады. Егер «ақ» түбірінің көне түркі тілінде «қартаю, жан ұлғаю» синкреттік мағынасы болса, онда тілек мағынасындағы «қосағыңмен қоса ағар» тіркесі құрамындағы «ағар» сөзі де жоғарыдағы «ақ» түбірімен төркіндес болуы мүмкін [6, 57 б.].

Мысалы, *Ал Еріктің жары Айнаға Қап тауын асып кетсе де бәрібір, күйеуі қайда – бұл сонда, қосағымен қоса ағарудан өзге арман да, мақсат та жоқ* (О. Бөкей).
- *ақ шаш, шашына ақ түсу, самайы ағару*

Ізгілік ↔ зұлымдық

Адам өмірінің маңызды қырларының бірі саналатын *ізгілік – зұлымдық* концептілері, олардың арақатынасы мәселесі қазақ халқының дүниетанымында кеңінен орын алған. Мұсылман өркениетіне дейінгі уақытта бұл мәселеге қатысты көптеген қанатты сөздер мен құнды ой-пікірлер айтылған. Бұған өмірімізге таптырмас серік болар мақал-мәтелдеріміз дәлел. Адам болмысының рухани құндылықтарының ішінен ерекше көрінген *ізгілік* концепті сол кезең үшін маңызды жалпыадамзаттық ілім ретінде қоғамдық санада көріністенді.

«Үлгілі қаланы» әл-Фарабидің «ізгі» қала, кемелденген жанды Ж. Баласағұнның «ізгі» жан, сопылық жолын Қ.А. Иассауидің «ізгілік» жолы деп алу мәнісі де осы бір «*ізгілік*» концептіне қатысты өзгерістермен, рухани өркендеумен байланысты.

Ізгілік концепті *ақ тілеу, ақ босаға, ақ жол, ақжолтай, ақ ниет, ақ көңіл* т.б. тілдік бірліктері арқылы, ал *зұлымдық* концепті *ұрынарға қара таппау, қара түнек заман, қара күн туу, қара қол, қара күш* т.б. тілдік бірліктері арқылы көріністенеді. Сонымен қатар, *ізгілік – зұлымдық* концептілері құрамына *алғыс – қарғыс* концептілері де енеді. *Алғыс* концепті «*ақ*» тілдік бірлігі арқылы берілсе, ал *қарғыс* концепті «*қара*» атауы арқылы көріністенеді. Мысалы, *ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс, ақ күн тусын, қара күн тусын, қара шашың жайылсын, көзіңнен қара қан ақсын*, т.б.

Тазалық, адалдық ↔ арсыздық

Оппозицияның бірінші мүшесі тазалық, адалдық концептін *ақ пейіл, ақ жүрек, ақ ниет, ақ жан, ақ адал, ақтау, ақ сөз, ақ көңіл, ақ адал ас, аққа зауал жоқ, ақ аспан, сүттен ақ, судан таза* тілдік бірліктері құраса, екінші мүшесі арсыздық концептін *қара жүз, қара бет, жүзі қара, қара жағу, қара күйе жағу, қара пейіл, қара жүрек, қара ниет, қара көңіл, қара жан* тілдік құралдары көріністейді.

Ақ пейіл, ақ жүрек, ақ ниет, ақ жан, ақ көңіл фразеологиялық тіркестері таза, адал ойдағы, арамдығы, күдігі жоқ семалары негізінде тазалық, адалдық концептін құрады.

Мысалы, *Өзінің гана ар-намысын ластап қойған жоқ, ол біздің ақ жанымызға да қаяу салды ғой* (Ә. Әлімжанов). *Мінезі жібектей, арамдығы жоқ, ақ көңіл, аңқау, құдай беретін-ақ жігіт, кім білсін, әлі басы жас қой* (С. Досымов). *Еріктің әкесі ер мінезді, ақ көңіл, адал да атпал азамат болғанымен үй шаруасына салақ, дүние-бақты парық қылмайтын арсыл-гүрсіл, ашуының алды бар, арты жоқ адам еді* (О. Бөкей). *Адал жүрек, ақ бейілің үшін балаларыңның бағы ашылсын* (М. Әуезов).

Әділдік, шындық ↔ әділетсіздік, жалғандық

«Ақ» – «қара» лексикалық бірліктері «әділдік», «шындық» – «әділетсіздік», «жалғандық» концептілерін құрайды. Адам өзін қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, ненің ақ, ненің қара екенін ажыратады.

«Әділдік», «шындық» концептілерінің семантикалық өрісі: *адал; шындықты бетке айту; аққа құдай жақ; қара қылды қақ жару; ақты ақ деп, қараны қара деп тану; немен қарайсаң, сонымен ағар; ақталу; ағынан жарылу; ақ көңіл; ақ жүрек; ақ іс; ақ сөйле; ақты аныққа шығару; ақты-қарасын ашты: ақ-қарасын білу; ақ үстінен қара тану т.б.*

«Әділетсіздік», «жалғандық» концептілерінің семантикалық өрісі: *өтірік; жорта айту; түк білмегенсу; бүйрегі бүлк етпеу; жымын білдірмеу; мысық табандап келіп бас салу; алдау; арбау; бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалу; екіжүзділік; қаныпезер; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс; қаны қара; ақты қара ету; қара күйе жағу; қара ниет; ақ жерден қара болу; ақ-қарасы тексерілмеу, қара түнек заман т.б.*

Мысалы, *Ақ сөйле, құлағыңа Ақмартуың сыбырлап кетті зәй, ақ сөйле!* (М. Әуезов).

Қуаныш-бақ ↔ уайым-қайғы

«Қуаныш-бақ» концептін *мәре-сәре болу, ду күлкі, шаттық, басына бақ қону, жаны жаздай, жаздай жадырау, бағы ашылу, қуаныштан басы айналу, біресе күліп, біресе жылау, қуанғаннан бәрін ұмыту, жүзінен нұры төгілу, күлкісін жия алмау, қуаныштан жарыла жаздау, гүл-гүл жайнау, төбесі көкке жету, қуаныштан жүрегі жарылардай болу, қуанышында шек жоқ, жүзіне күлкі үйірілу, ақ түйенің қарны жарылу, ақ күн туу* тілдік бірліктері құрайды. «Қуаныш» концепті «бейбітшілік», «тыныштық», «бірлік», «молшылық», «байлық» концептілеріне жақын, өзара тамырлас. Сол себепті *ақ түйенің қарны жарылу, ақ күн туу* фразеологиялық тіркестері қолданылу ерекшеліктеріне қарай осы концептілердің барлығына ортақ семантикалық өріс құрауға қатысады. Мысалы, – *Нарша байғұс қуанып, ақ түйенің қарны жарылып жатыр* десеңші онда (Ә. Нұршайықов).

«Қуаныш-бақ» концепті «уайым-қайғы» концептімен оппозициялық жұп құрайды. «Уайым-қайғы» концепті *мұң, салы суға кету, ұнжырғасы түсу, қасірет тарту, қамығу, шүберектей болу, еңсесі түсу (езілу), бас көтермеу, санасы санға, ойы онға бөліну, дүниеден безу, басына бұлт үйірілу, жайлауын өрт алғандай, көңілі ортаю, марқұм болу, боздау, сары уайымға салыну, сағыныштан сарғаю, көктей солу, қара басу, қайғысыз қара суға семіреп, қара маңдай, қара бақ, қара көңіл, қара уайым, көңілі қара қазандай болу, ақтық күн, қара тігу, қаралы, қара жамылу, қайғыменен қара жамылу, қара күн туу, қара бұлт торлау* тілдік бірліктері арқылы көріністенеді.

Байлық ↔ Кедейлік

«Байлық» пен «кедейлік» – адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайын анықтайтын өлшемдер. «Байлық» концепті рухани және материалдық болып бөлінеді. Ақылды, дана, кейінгі ұрпаққа қалдырар өсиеті көп, қолынан келгенінше елге көмектесетін, арамдығы, қулық-сұмдығы жоқ адам рухани бай адам да, ал оқығаны аз, кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті жоқ адамды рухани кедей адам деуге болады. Рухани байлық пен кедейліктің бұл – тар мағынасы. Кең мағынада байлықты мемлекетке, ұлтқа, ұлт мәдениетіне, пайдалы қазбаларына, материалдық жағдайларына, белгілі бір сала бойынша жетістіктеріне т.б. байланысты қолдануға болады. «Байлық» пен «кедейлік» оппозициялық концептілері әр халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, төл шаруашылығына қатысты әр түрлі көріністенеді.

Мысалы, «Байлық» концепті: *Осындай ақ түйенің қарны жарылып, жегенің алдыңда, жемегенің артыңда тұрған заманда қонақ қабылдамау, қонақ асы бермеу деген коммунизм құрылысшыларының адамгершілік қағидасына жатпайды* (О. Бөкей).

«Кедейлік» концепті: ; *жоқшылық; жоққа жүйрік жетпейді; тақыр кедей; жоқ-жұрқа; жұтау; ішер асқа жарымау; кетеуі кету; малдың басы құралмау; бағы таю; тышқан лағы жоқ; шыр бітпеген кедей; бұт артар аты жоқ; күйі жоқ; көк тиыны жоқ; қара бақыры қалмау; қара борбай; қара сирақ; қара табан болу; қара халық; аузы аққа жарымау; қара қасқа кедей; қара табан тілдік бірліктері енеді.*

Бейбітшілік, тыныштық ↔ соғыс, берекетсіздік

«Тыныштық», «бейбітшілік» – «берекетсіздік», «соғыс» оппозициялық концептілері «қоғам» макроконцептіне енеді. Себебі бұл концептілер қоғамдағы адамдардың, мемлекетаралық қарым-қатынастың оң не теріс болуына қатысты туындайды. «Тыныштық», «бейбітшілік» – «берекетсіздік», «соғыс» концептілерін құруда «ақ» – «қара» лексикалық бірліктерінің алар орны зор. Алдымен, осы концептілерді көріністейтін тілдік бірліктердің семантикалық өрісін құрып алайық.

«Тыныштық», «бейбітшілік» концептілерінің семантикалық өрісі: *сүттей ұю; бір жазадан бас; бір жеңнен қол шығару; қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман; тойған қозыдай томпию; төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді; бөлінгенді бөрі алады; жүзге бөлінгеннің жүзі құрысын; қоңыр кеш; ақ күн туу; ақ түйенің қарны жарылу; аппақ ашық аспан; ақ тау; аппақ жарық жұлдыз*

«Берекетсіздік», «соғыс» концептілерінің семантикалық өрісі: *айқай-қиқу; түрпідей тию; жын қаққандай; тасыр-тұсыр; төбеден жай түскендей; аласапыран; астаң-кестең; қойға шапқан қасқырдай; қан жоса; қыран-топан; қырық пышақ болу; жұлу; жұлқыну; қызыл өрттей қаулау; қаптаған жау; астын үстіне шығару; төпелеу; бітпейтін дау; жан алқымынан алу; бір-біріне айдап салу; іріткі салу; шу шығару; аяқ астынан бәле іздеу; түймедейді түйедей қылу; мазаны алу; қызыл кеңірдек болу; қызыл төбелес; қызыл көз бәле; қара аспанды төндіру; қара аспанды қапылту; қарадан қарап ұрыну; қара біленіп үйіп-төгу; ақ сайтанын қоздыру; қара жын; қара сайтан; қара диюдай; аққа күйе жағу;.*

I.2 «Ақ» – «қара» тілдік бірліктеріндегі «табиғат» концептісі

Қоғам табиғаттан тысқары, табиғатпен байланыссыз ешқашан өмір сүре алмайды. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы кең байтақ жерді мекендеп, мал шаруашылығымен шұғылданып келді. Төрт түлік мал өсіруге табиғи орта қолайлы болды. Сарқыраған өзендер мен көк орай шалғыны мол далалы, таулы мекен жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыздың тек кәсібіне ғана емес, сондай-ақ өмір салтының, рухани дүниесінің қалыптасуына әсер етті. Халқымыз ертеден-ақ мал шаруашылығымен айналысқандықтан, табиғатқа, табиғат құбылыстарына көп көңіл бөлген. Соған қатысты «ақ» – «қара» атаулары табиғат құбылыстарының түрлі сипаты мен ерекшеліктерін көрсету қызметін атқарады.

Мысалы, *ақ жаңбыр, ақ түтек боран, ақ боран, ақ қапжсал (боран), қара боран, қара жауын (жаңбыр), қара жел, ақ қар, қара жер, қара дауыл, ақ дала, т.б.*

Ақ мал ↔ қара мал

Түркі мифологиясы мен фольклорында жер рухы ірі қара малдың пірімен тығыз байланыста болған. Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысқандықтан төрт түлік мал халқымыздың өмірінде маңызды орынға ие. Жылқы, түйе, қой мен сиыр әлемнің төрт бұрышының, төрт апаттың, адам мінездерінің белгілері болып саналады. Халқымыз төрт түлікті *ақ мал* – *қара мал* деп бөлетін болған. «Ақ малға» жылқыны, «қара малға» сиырды, түйені, қойды жатқызатын болған.

Ақ малға «қарама-қарсы» қойылатын *қара мал* логикалық-ұғымдық концептіге жатады. *Қара малға* түйе, сиыр, қой-ешкі жатады. Қыс айында үнемі далада жатпай, бір мезгіл ашық не жабық қорада бағылатын малдың *қара мал аталуы* фразеологизмдердің үлгі сипаттағы ментальдық образы»

II «АҚ» – «ҚАРА» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Әлем бейнесін құруда «ақ» – «қара» концептілері маңызды орынға ие. Олар мәдени факторларға сәйкес анықталып, тілдік жүйенің бір бөлігі ретінде лексиканың даму тарихымен тығыз байланыста болады. Әлем бейнесін құратын концептілер ұлттық дүниетаным негізінде жиналатын білім мен таным жүйесі арқылы анықталады.

Мәдени код ұлттық және тілдік бірліктер мазмұны мен формасын анықтайды. «Ақ» – «қара» лексикалық бірліктері фразеологизмдер құрамында кездесіп, олардың мағыналық құрылымына үлкен әсерін тигізеді.

Адам өзіндік жеке ерекшеліктерімен, қасиеттерімен тұлға ретінде әлемнің ортасынан орын алады. Мифологиялық танымда да адам дүниенің орталығы деп саналады.

Адам әлемді тану барысында әлемдегі заттар мен құбылыстарды адамның психиофизиологиялық жай-күйімен ассоциациялайды. Соның нәтижесінде әлемдегі құбылыстар адамның дене мүшелері арқылы көріністенеді де, соматикалық код бағалауыштық-бағдарлық мағынаға ие болады. Соматикалық фразеологизмдердің айқындығы мен бейнелілігі метафоралар мен метонимияға негізделеді.

Мысалы: *қара бет, қара жүрек, қара көз, қара табан, қара борбай, қара сан, қара қарын, қара өзек, қара бауыр, қара құлақ, қара тіл, қара сирақ, қара тақым, қара сіңір, қара басы, қара сақал, қара жұдырық, қара жон, қара көкірек, қара желін, қара тірсек, қара тұяқ, қара ет, қара қан, қара қас, қара мұрт, қара тамақ, қара түс, қара шаш, қара бақай, қара құйрық, ақ жүрек, ақ ауыз, ақ көз, ақ саусақ, ақ сақал, ақ табан, ақ бас, ақ езу, ақ тамақ, ақ білек, ақ дидар, ақ жүз, ақ иық, ақ көкірек, ақ көт (торғай), ақ (ақша) маңдай(лы), ақ ауыз болды, ақ көзді // ақ көз ерлік т.б.*

Мысалы:

- *Мөлдіресіп көздері
Бір-біріне қарайды.
Қысқа болды сөздері,
Жылы у бойға тарайды.
Жеті айда жоғалса да талай іздер,
Есімнен неге шықсын соңғы сөздер.
Күндіз-түні жатсам-тұрсам көз алдымда,
Улаған жүрегімді **қара көздер** (М. Жұмабаев).*

«Улаған жүрегімді **қара көздер**» жолында кездесетін *қара көздер* тіркесі арқылы берілген ойды әр түрлі қабылдауға болады. Біріншіден, лирикалық кейіпкердің жүрегін улаған қыздар деп түсінсек, екіншіден, ақынның жатса-тұрса көз алдынан кетпейтін қыздың көздері деген мағынада қабылдауға болады.

- *«Қолаң **қара шашы** бар жібек талды, Тұрғандай толқын ұрып, көз таңдайды» (Абай).*

ҚОРЫТЫНДЫ

Когнитивтік тіл білімі әлемді тану негізінде санада қалыптасқан әлем туралы ақпараттарды жинақтау және концептілеу, оларды бір жүйеге топтастыру, әлемнің санада көріністенуі мен оның тілде берілу сипатын анықтау қызметтерін атқарады. Ал тілдік әлем бейнесі концептуалды әлем бейнесінің негізгі элементтерін мазмұндайды, тілдік құралдармен концептуалдық әлем бейнесін ашады.

«Ақ» – «қара» тілдік бірліктерін қазақ халқының дүниетанымдық жүйесінде алатын орнына, олардың ерекшеліктеріне байланысты мәдени концептілер ретінде қарастыруға болады. Себебі, «ақ» пен «қара» концептілерінде көп жылғы халық тәжірибесімен бекітілген білім құрылымы көріністенген әрі осы тілдік бірліктер арқылы берілетін символдар жүйесі халқымыздың дәстүрлі дүниетанымының негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады. «Ақ» пен «қара» тілдік бірліктерінің мұндай қасиеттерге ие болуы олардың көне заманда адамзат дүниетанымында басты да, алғашқы символдардың бірі болғандығына және олардың тереңде жатқан мәдени коннотациясына негізделеді.

Когнитивтік тіл біліміне қатысты тұжырымдар негізінде «ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы көріністенген ұлттың рухани құндылықтарын сан ғасырлар бойы бойына жинақтаған оппозициялық концептілер анықталды.

«Ақ» пен «қара» концептілері әлемдегі кез келген қарама-қарсылықтың иерархиясы іспеттес. «Ақ» пен «қара» концептілері арқылы әлемдегі «жақсылық» пен «жамандық», «ізгілік» пен «зұлымдық» сияқты дүниенің негізін құрайтын ұғымдарға бағдар жасалды.

«Ақ» – «қара» концептілері әлемнің барлық қабатында көріністенген. Сондықтан, «ақ» – «қара» тілдік бірліктері арқылы көріністенген оппозициялық концептілер «адам», «қоғам», «табиғат», «уақыт» және «кеңістік» макроконцептілеріне топтастырылып, когнитивтік аспектіде қарастырылды.